



Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1202 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 23 желтоқсандағы
N 1202 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1 бөлім. Миссия және пайымдау

Миссия: Мемлекеттің бәсекеге қабілеттігін арттырудағы міндеттерді шешу үшін құқықтық инфрақұрылымды жаңғырту және қамтамасыз ету.

Пайымдау: Дамыған азаматтық қоғам, қамтамасыз етілген тиімді құқықтық қорғау, сондай-ақ құқықтық мемлекеттің стандарттары мен қағидаттарына сәйкес мемлекеттік және заңгерлік қызметтер.

2 бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау

1. Заңнамаға сәйкес әділет органдары ұсынатын мемлекеттік және заңгерлік қызмет көрсетулер сапасын арттыру, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру.

Кез келген органның қызметіндегі көрсеткіштердің бірі тұрақты арттыруды талап ететін ұсынылатын қызмет көрсету сапасы болып табылады. Мемлекеттік басқару жүйесі мен мемлекеттік қызмет көрсету сапасы жеткілікті дәрежеде айқын еместігін атап өту қажет.

САНДЖ Зерттеу Орталығының тұтынушыларға жүргізген сауалының нәтижелері бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттанушылық жылдан жылға

өсіп келе жатқаны байқалады. Соңғы 4 жылда қызмет көрсету сапасына қанағаттанған тұтынушылардың үлесі екі есе өсті (2006 жылы - 28%, 2007 жылы - 53%).

Сонымен бірге, көрсетілген деректер халықтың жартысына жуығы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына әлі де қанағаттанбайтындықтарын айғақтайды. Бұл осы көрсеткіштерді жақсарту шараларын қабылдауды талап етеді.

Қызметтер көрсету сапасы мен қол жетімділікті жақсарту үшін министрлік ХҚО арқылы көрсетілетін қызметтер көрсету тізбесін кезең-кезеңмен ұлғайтуды жоспарлауда. Бір мезгілде ХҚО санын көбейтіп, халыққа электрондық қызмет көрсету жүйесі енгізілетін болады. Көрсетілетін қызметтер сапасын бақылаудың тиімді тетіктері мен әдістерін жасау мақсатында қызмет көрсету стандарттары мен регламенттері енгізілетін болады.

Заңгерлік көмекті тегін көрсететін адвокаттардың еңбегіне ақы төлеудің тиімді тетігінің жоқтығына байланысты бірқатар кемшіліктер бар. Сондықтан министрліктің мақсаты қызмет көрсету үдерістерін оңтайландыруға, олардың ашықтығы мен қол жетімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ азаматтардың білікті заң көмегін алуға құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге келіп саяды.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Стратегиялық жоспарда адвокатура мен нотариат саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру айқындалған.

Мемлекеттің құқықтық мәдениетінің жай-күйі оның құқықтық жүйесіндегі көрсеткіштердің бірі болып табылады. Халықтың құқықтық мәдениетін арттыру, құқықтық санасын дамыту тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет құруға ықпал ететін азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызды өлшемі болып табылады.

Мемлекет пен қоғамның, бұқаралық ақпарат құралдарының бірлескен күш-жігері қажет. Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін одан әрі арттыру мақсатында Стратегиялық жоспарда осы бағытта бірқатар іс-шаралар көзделеді.

2. Заңнаманы жетілдіру, сапалы нормашығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастықты құқықтық қамтамасыз ету.

Мемлекеттік саясатты іске асырудың негізгі құралы нормашығармашылық қызмет болып табылады. Заң шығармашылығы саласында негізгі міндет әзірленетін заң жобаларының сапасы болып табылады. Бұл ретте бұл құқық қатынастарының заңгерлік пысықталуына, сондай-ақ әлеуметтік, экономикалық, қаржылық құрастырушы мәселені шешудің пысықталуына ғана емес, статистикалық деректерді зерделеуге, құқық қолдану практикасын талдауға, оң халықаралық тәжірибені қолдануға да байланысты болмақ.

Осыған байланысты нормашығармашылық қызметінің сапасын арттыру стратегиялық бағытпен айқындалды. Сапаны арттыру үшін Стратегиялық жоспарда қолданыстағы заңнаманы жүйелеу, консультациялық және сарапшылық жұмыстарды жүргізу көзделген. Министрлік әзірленген актілердің заңгерлік пысықталуына,

сондай-ақ Заң жобалау жұмыстары жоспарының дер кезінде орындалуына талаптарды арттыратын болады.

"Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген идеялар Қазақстанның құқықтық дамуының жаңа кезеңін білдіреді. Бұл жаңа Құқықтық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу бойынша тұжырымдамалық амалдар әзірлеуді талап етеді.

Осыған байланысты Әділет министрлігінің Стратегиялық жоспарында құқықтық саясаттың жаңа бағдарламалық құжатын әзірлеу көзделген.

3. Қылмыстық-атқару жүйесін халықаралық стандарттарға жақындату.

Қылмыстық-атқару жүйесін халықаралық стандарттарға жақындастыру осы салада оның тиімділігіне теріс әсер ететін шешілмеген проблемалар әлі де қалып отырғандықтан, министрліктің мынадай стратегиялық бағытымен айқындалған.

Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару саясатын іске асыру саласында белгілі бір табыстарға қол жеткізгеніне қарамастан, әлі де оның тиімділігіне теріс әсер ететін, шешілмеген проблемалар қалып отыр.

Өткен ғасырдың басында-ортасында, ал кейбіреулері 18 және 19 ғасырларда салынған ҚАЖ мекемелерінің көптеген ғимараттары мен құрылыстары тозған, көбінесе авариялық күйде тұр, санитарлық, техникалық талаптарға, сондай-ақ халықаралық стандарттардың талаптарына жауап бермейді.

Инженерлік және техникалық қорғау құралдары қанағаттандырмайды, осыған байланысты ҚАЖ объектілерінің тиісті қауіпсіздігі қамтамасыз етілмеген.

Жеке-тәрбиелік ықпал ету тетіктерінің жеткілікті әзірленбеуінен туындайтын тәрбие жұмыстарының нашар ұйымдастырылуы байқалады.

ҚАЖ қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында Стратегиялық жоспарда сотталғандарды ұстау жағдайларын жақсартуға, сондай-ақ олар үшін жалпы білім беруді және кәсіптік оқытуды ұйымдастыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар көзделген.

Бұдан басқа, жазасын толық немесе ішінара өтеген адамды азаматтық қоғамда әлеуметтік бейімдеуге және қайта әлеуметтендіруге бағытталған іс-шаралар көзделген.

4. Сот-сараптама жүйесін халықаралық стандарттарға жақындату.

Материалдық-техникалық және кадрмен қамтамасыз етуге қатысты осындай проблемалар сот сараптамасы органдарында да бар.

Мысалы, ССО бөлімшелерін жинақтау талап етілген қажеттіліктен 50 %-ға төмен жүзеге асырылған. Сарапшылардың саны бұрынғы деңгейде қалса да, 10 жыл жұмыста орындалған сараптамалардың саны 4,7 есеге көбейген. Қазіргі кезде зерттеулер жүргізудің іс жүргізу мерзімдерін бұзу саны 10 % кем емес.

Сот сараптамасы орталығын шетелдік озық сот-сараптама мекемелерінің деңгейінен қалыспайтын күйге дейін дамыту үшін халықаралық мекемелермен өзара іс-қимылды

кеңейту қажет. ССО зертханаларында жүргізілген сот-сараптама зерттеулері нәтижелерінің халықаралық тұрғыда мойындалуына қол жеткізу "Сынақ және калибрлі зертханалардың құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар" ИСО/МЭК 17025 бойынша халықаралық аккредиттеу алған кезде ғана жүзеге асырылмақ.

Сот-сараптама қызметінің тиімділігін арттыру кадр әлеуетін күшейту, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, зерттеулер өндірісі іс жүргізу мерзімдерінің бұзылу сандарын азайту, сондай-ақ сот сараптамасының материалдық-техникалық базасын нығайту жолымен қол жеткізіледі.

5. Зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметті Дүниежүзілік сауда ұйымының стандарттарымен сәйкес келтіру.

Зияткерлік меншік объектілерін заңсыз пайдалану оның дамуына теріс әсер ететіні белгілі, сондықтан зияткерлік меншік құқығын қорғау деңгейін одан әрі арттыру қажет.

Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметтері бойынша 2008 жылы Қазақстан Республикасы авторлық құқықты қорғау көрсеткіштері бойынша 75 орынды иеленеді. Көрсеткіштерді жақсарту мақсатында 2009 жылы 73 орынға, 2010 жылы - 71 орынға, 2011 жылы - 69 орынға, өнеркәсіптік меншікті қорғау саласында 2008 жылы - 72 орын, 2009 жылы - 72, 2010 жылы - 71, 2011 жылы - 70 орынға жылжыту жоспарлануда.

Бұл ретте 2007 жылы жарияланған Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексінің есебінде осы ұйым "Миллион адамға шаққанда жылына алынған патенттер саны" бойынша 0,1 (2006 ж.) деген көрсеткішті келтіреді. Алайда Министрліктің Зияткерлік меншік құқығы комитетінің мәліметтері бойынша бұл көрсеткіш 274,4 (2006 ж.) қорғау құжатына тең. Статистикалық көрсеткіштердегі бұл айырмашылықтар осы көрсеткіштер бойынша мәліметтер жинайтын халықаралық ұйымдармен байланысты күшейту қажеттілігін көрсетеді, себебі мұның барлығы осы зерттеліп отырған салада нақты көріністі қалыптастыру үшін керек.

Зияткерлік меншік саласындағы қатынастарды дамыту үшін Қазақстанда қолайлы жағдайды қалыптастыру мақсатында министрліктің Стратегиялық жоспарында көзделген іс-шаралар контрафактілі өніммен қарсы күрес шараларының тиімділігін арттыруға, құқықтық түсіндіру жұмыстарын көбейтуге, осы саладағы заңнаманы жетілдіруге, халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылды жандандыруға бағытталған.

6. Діни сенім бостандығын қамтамасыз ету және мемлекеттік органдардың діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын жетілдіру.

Діни ахуалдың тұрақтылығы мен азаматтық әлемді сақтау көбінесе конфессияаралық татулықты сақтауға байланысты. Мемлекеттік-конфессиялық салада жаңа құбылыстар мен проблемалардың туындауы осы бағыттағы бірқатар тұтас мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Министрліктің Стратегиялық жоспары конфессияаралық қатынастарды үйлестіруге, діни экстремизм көріністерінің алдын алуға бағытталған кешенді ұйымдық-құқықтық және ақпараттық-насихаттау шараларды кеңейтуді көздейді.

Сондай-ақ діни ахуалға зерттеулер мен талдау жүргізу, консультациялық және талдау жазбаларының, практикалық ұсынымдарды әзірлеуге бағытталған әлеуметтік зерттеулер санын көбейту жоспарлануда.

3 бөлім. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қызметінің 2009-2011 жылдарға арналған стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері мен көрсеткіштері

Ескерту. 3-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.06 N 643 Қаулысымен.

1. Заңнамаға сәйкес әділет органдары ұсынатын мемлекеттік және заңгерлік қызмет көрсетулер сапасын арттыру, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру.

2. Заңнаманы жетілдіру, сапалы нормашығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастықты құқықтық қамтамасыз ету.

3. Қылмыстық-атқару жүйесін халықаралық стандарттарға жақындату.

4. Сот-сараптама жүйесін халықаралық стандарттарға жақындату.

5. Зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметті Дүниежүзілік сауда ұйымының стандарттарымен сәйкес келтіру.

6. Діни сенім бостандығын қамтамасыз ету және мемлекеттік органдардың діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын жетілдіру.

Атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең		
		2007 жылы (есеп)	2008 жыл (жоспар)	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл
1 стратегиялық бағыт. Заңнамаға сәйкес әділет органдары ұсынатын мемлекеттік және заңгерлік қызмет көрсетулер сапасын арттыру, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру						
1 Мақсат:	Нысаналы индикатор:					
Мемлекеттік қызметтер көрсету үдерістерін оңтайландыру, олардың жариялылығы мен қол жетімділігін қамтамасыз ету.	Тұтынушылардың әділет органдары көрсететін қызметтер сапасы мен қол жетімділігіне қанағаттануы 2009 жылға қарай 60 %-дан, 2010 ж. - 70 %-дан және 2011 ж. - 80 %-дан кем болмауы тиіс.					
Міндеттер:	Көрсеткіштер:					
1) мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттары мен регламенттерін енгізу және оларды ХҚО арқылы көрсету жолымен мемлекеттік қызметтер көрсетуде әкімшілік кедергілерді жою;	1) қабылданған стандарттар мен регламенттердің орындалуы;					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
%	0	60	65	70	80	
2) мемлекеттік қызмет көрсету регламенттерін әзірлеу және енгізу	2) ХҚО арқылы көрсетілетін қызмет көрсету тізбесін көбейту					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011

жолымен мемлекеттік қызметтер көрсетуді оңтайландыру;	Бірлік	25	57	66	70	75
3) қайта даярлау және олардың біліктіліктерін арттыру арқылы кадр әлеуетін күшейту;	3) әділет органдарының тікелей қызмет көрсететін қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	%		50	60	70	80
4) әділет органдары көрсететін қызметтер сапасын бақылаудың тиімді тетіктері мен тәсілдерін жасау;	4) әділет органдары көрсететін қызметтерді электрондық бақылау жүйесімен қамту					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	%	0	50	60	70	80
	мемлекеттік қызметті алуға кезек күту уақытының азаюы (ХҚО-да кезек күтудің ең жоғарғы уақыт аралығы)					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	мин	40	35	30	20	
5) "Бизнесі бастауға қажетті рәсімдердің саны", "Бизнесі бастауға қажетті уақыт", "Меншікке құқық" индикаторлары бойынша ДЭФ БҚҒ рейтингтерінде Қазақстанның ұстанымдарын жақсарту немесе нашарлауына жол бермеу;	5. ДЭФ БҚҒ рейтингінде "Бизнесі бастауға қажетті рәсімдердің саны" индикаторы бойынша болжалды ұстанымы					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	орын	27	44	43	42	41
	ДЭФ БҚҒ рейтингінде "Бизнесі бастауға қажетті уақыт" индикаторы бойынша болжалды ұстанымы					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	орын	32	44	43	42	41
	ДЭФ БҚҒ рейтингінде "Меншікке құқық" индикаторы бойынша болжалды ұстанымы					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
орын	91	95	94	93	91	
6) "Кәсіпорынды ашу" және "Меншікті тіркеу" индикаторлары бойынша Дүниежүзілік Банктің "Doing business" рейтингтеріндегі Қазақстанның ұстанымдарын жақсарту немесе нашарлауына жол бермеу.	6. "Doing business" рейтингтеріндегі "Кәсіпорынды ашу" индикаторы бойынша болжалды ұстанымы					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	орын			78	20	20
	"Doing business" рейтингтеріндегі "Меншікті тіркеу" индикаторы бойынша болжалды ұстанымы					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
орын	72	77	25	20	20	
2 Мақсат:	Нысаналы индикатор:					
	Заңнамада көзделген жағдайларда азаматтардың 100 % тегін құқықтық қызметтерді алу жетімділігін қамтамасыз ететін, нотариат					

Азаматтардың білікті заң көмегін алуға құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету.	пен адвокатураның мәселелерін регламенттейтін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру.					
Міндеттер:	Көрсеткіштер:					
1) азаматтардың әлеуметтік жағынан қорғалмаған санаттарына тегін нотариаттық қызметтер алу мүмкіндігін көздейтін НҚА әзірлеу ;	1) нотариат мәселелерін регламенттейтін НҚА әзірлеу					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	НҚА				1	
2) азаматтардың әлеуметтік жағынан қорғалмаған санаттарына адвокаттардың көрсететін заң көмегін тегін алу мүмкіндіктерін көздейтін НҚА әзірлеу.	2) адвокатура мәселелерін регламенттейтін НҚА әзірлеу					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	НҚА	1		1	1	
3 Мақсат:	Нысаналы индикатор:					
Құқықтық насихат жөніндегі іс-шаралар санын арттыру жолымен ел азаматтарының құқықтық мәдениетін арттыру	Құқық түсіндіру іс-шаралары мен БАҚ-тардағы жарияланымдардың 2009 жылға - 5 %-ға, 2010 жылға - 8 % және 2011 жылға - 10 %-ға артуы					
Міндеттер:	Көрсеткіштер:					
1) республика азаматтарының құқықтық сауаттылығын арттыру үшін халықтың ақпараттық-насихаттық жұмыстармен (іс-шаралармен) қамтылуын ұлғайту, соның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы шыдамсыз көзқарасты қалыптастыру;	1) БАҚ-тардағы жарияланымдар мен құқық түсіндіру іс-шараларын жүргізу					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	Іс-шара	31306	32000	32200	32500	32600
2) құқықтық мәдениетті арттырудың маңызды мәселелері бойынша кешенді ғылыми зерттеулерді жүргізу.	2) құқықтық мәдениет деңгейін арттырудың өзекті мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	Іс-шара	1		1	1	1
2 стратегиялық бағыт. Заңнаманы жетілдіру, сапалы нормашығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастықты құқықтық қамтамасыз ету .						
Мақсат:	Нысаналы индикатор:					
Норма шығармашылық қызметінің сапасын арттыру.	Үкіметтің заң жобалау жоспарын уақтылы орындау 2009 жылы - 100 %, 2010 жылы - 100 %, 2011 жылы - 100 %.					
Міндеттер:	Көрсеткіштер:					
1) НҚА жобаларының Конституцияға және өзге де заңнамалық актілерге сәйкестігіне құқықтық сараптама жүргізу, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу;	1) НҚА-ның Конституцияға сәйкес келмеу бөлігінде Конституциялық Кеңес қаулыларының саны					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	саны	3	2	0	0	0
2) ЭЫДҰ елдерінде қолданылатын қабылданған заңдардың салдарын	2) Реттегіш ықпалды талдауды қолдану мәселелерін регламенттейтін НҚА әзірлеу					

есептеуді талдау тәжірибесін (Реттегіш ықпалды талдау) енгізу;	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	саны			1		
3) нормативтік құқықтық актілерді заңгерлік пысықталу тұрғысынан әзірлеу;	3) заңнамалық актілердің жобаларын олардың пысықталуы бөлігінде Қазақстан Республикасы Парламентінің кері қайтарғандар саны					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	саны	2	0	0	0	0
4) заңнаманың қол жетімділігін және оны қолданудың ыңғайлылығын қамтамасыз ету;	4) ҚР-дағы нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкісі					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	%	0	0	0	0	100
5) құқықтық саясаттың бағдарламалық құжат жобасын әзірлеу.	5) құқықтық саясаттың бағдарламалық құжатын әзірлеу					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	жоба			1		

3 стратегиялық бағыт. Қылмыстық-атқару жүйесін халықаралық стандарттарға жақындату .

Мақсат:	Нысаналы индикатор:					
Қылмыстық-атқару жүйесі қызметінің тиімділігін арттыру және оны халықаралық стандарттарға жақындату, жазасын толық немесе ішінара өтеген адамды азаматтық қоғамға әлеуметтік бейімдеу және қайта әлеуметтендіру.	Мекеме әкімшілігінің құқықтық әсер етуімен байланысты емес құқық бұзушылықтар мен қасақана қылмыстардың санын 1000 адамның есебіне шаққанда 2009 жылы 6 %-ға, 2010 - 6 %-ға және 2011 - 5%-ға төмендету.					
Міндеттер:	Көрсеткіштер:					
1) ҚАЖ-дың жаңа мекемелерін салу және қолданыстағы мекемелерді күрделі жөндеуден өткізу арқылы бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандарды камераларда ұстауға көшу;	1) салынып жатқан және қайта жөндеуден өтіп жатқан ҚАЖ объектілерінің саны (жалғасатын/аяқталатын)					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	Қ А Ж объектілері	5/0	4/2	0/3	0/0	0/0
2) ҚАЖ ТМ аумағындағы сотталғандардың, қызметкерлердің және өзге де адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;	2) ТМ-ді қазіргі заманғы күзет жүйелерімен жарактандыру					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	жабық мекемелердің жалпы санының %-да	0	3,5	16	26,8	26,8
3) психологиялық-педагогикалық ықпалы болатын сотталғандарға тәрбиелік әсер етудің тиімді жүйесін құру;	3) психокоррекциялық және психопрофилактикалық іс-шаралар санын көбейту					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
		4023				

	%	іс-шара	2	3	4	4
4) бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдарға кәсіптік білім беруді жүзеге асыру;	4) түзеу мекемелерінде жаңа кәсіптік білім беру мектептерін ашу					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	мектептер саны	39 мектеп	5	5	5	5
5) өндірістің жаңа түрлерін енгізу арқылы ТМ-нің кәсіпорындарында сотталғандарға қосымша жұмыс орындарын құру;	5) 2000 адамға дейін жұмыс жасайтын сотталғандардың санын көбейту					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	сотталғандар саны	13685 адам	500	500	500	500
6) қылмыстық жазасын өтеп жатқан адамның қажетті мамандықты және осы мамандық бойынша тиісті практикалық дағдыларды алуын қамтамасыз ету ;	6) қылмыстық заңнамаға сәйкес кәсіптік білім алулары мүмкін бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдардың есебіне қатысты ҚАЖ-да мамандық алғандардың үлес салмағы					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	үлес салмағы	кәсіптік білім берілуі мүмкін жазасын өтеп жатқан сотталғандар саны - 38843 адам, кәсіптік білім алған - 3600 адам. Үлес салмағы - 93.	2008 жылғы 10 ай қорытындысы бойынша кәсіптік білім берілуі мүмкін жазасын өтеп жатқан адамдардың саны 41505 сотталған, кәсіптік білім алған - 3661 адам. Үлес салмағы - 88	94	99	105
7) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың оңалту орталықтарына жүгінген жалпы санына қарағанда, оңалту орталықтарының жұмысқа орналастырған адамдардың 1000 адамдық есепке шаққандағы үлес салмағы	7) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың оңалту орталықтарына жүгінген жалпы санына қарағанда, оңалту орталықтарының жұмысқа орналастырған адамдардың 1000 адамдық есепке шаққандағы үлес салмағы					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	үлес салмағы	-	175	180	185	190
4 стратегиялық бағыт. Сот сараптама жүйесін халықаралық стандарттарға жақындату						
Мақсат:	Нысаналы индикатор:					
Сот-сараптама қызметінің тиімділігін арттыру, сот сараптамасын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру.	Қарама-қарсы қорытындылармен қайталама сараптамалардың санын (орындалған қайталама сараптамалардың жалпы санынан %) 2009 жылы - 15 % дейін, 2010 - 10 % 2011 - 5 % дейін азайту.					
Міндеттер:	Көрсеткіштер:					
1) түрлі санаттағы (қылмыстық, азаматтық, әкімшілік) істерді тергеу және қарау кезінде құқық қорғау органдары мен соттардың сот сарапшыларының іс жүргізуіне	1) зерттеулер өндірісінің іс жүргізу мерзімдерін бұзу санының азаюы					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011

қажеттіліктерін барынша қамтамасыз ету;	%		20	15	10	5
2) сарапшылық зерттеулердің жаңа түрлерін енгізу;	2) жаңа зерттеу түрлерінің саны					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	Бірлік	0	1	1	3	2
3) сот сараптамасы қызметін халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру үшін халықаралық аккредиттеу жөніндегі ұйымдармен ынтымақтастық.	3) "Сынақ және калибрлі зертханалардың құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар" ИСО/МЭК 17025 сертификатын алу					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	Бірлік				1	
5 стратегиялық бағыт. Зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету қызметін Дүниежүзілік сауда ұйымының стандарттарымен сәйкес келтіру						
Мақсат:	Нысаналы индикатор:					
Қазақстанда зияткерлік меншікті дамыту үшін қолайлы жағдай қалыптастыру.	Зияткерлік меншік объектілеріне берілетін қорғау құжаттарының санын көбейту 2009 жылы - 5 %, 2010 жылы - 10 %, 2011 жылы - 15 %. ДЭФ БҚБ бойынша авторлық құқық саласында көрсеткіштерін жақсарту 2008 жылы - 75 орын, 2009 жылы - 73, 2010 жылы - 71, 2011 жылы - 69; өнеркәсіптік меншікті қорғау саласында 2008 жылы - 72 орын, 2009 жылы - 72, 2010 жылы - 71, 2011 жылы - 70.					
Міндетгер:	Көрсеткіштер:					
1) контрафактілі өніммен күреске, алдын алуға және зияткерлік меншік объектілерін қорғауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;	1) "Контрафакт" акциясы, семинарлар және "Зият", "Шапағат" іс-шаралары					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	Іс-шара		6	7	7	7
2) зияткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру және оны халықаралық нормалармен сәйкестендіру;	2) Олимпиада рәмізін қорғау туралы Найроби шарты, Патенттік құқық туралы шарт сияқты зияткерлік меншікті қорғау саласындағы халықаралық келісімдерге қосылу					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	Бірлік		1	2		
3) өтінімдерді қарау мерзімдерін қысқарту және төрешілдік кедергілерді азайту;	3) қорғау құжаттарын беруге сараптама жасау мерзімдерін қысқарту					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	күні		10	10	10	10
4) халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыру.	4) зияткерлік меншік саласындағы халықаралық ұйымдармен байланысты жандандыру.					
6 стратегиялық бағыт. Діни сенім бостандығын қамтамасыз ету және мемлекеттік органдардың діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын жетілдіру						
Мақсаты:	Нысаналы индикатор:					
Қазақстан Республикасы азаматтарының діни сенім бостандығына құқықтарын іске						

асыруды қамтамасыз ету үшін конфессияаралық татулықты сақтауға және жағдайларды дамытуға жәрдемдесу.	Конфессияаралық сұхбаттың дамуына қанағаттанушылық.					
Міндеттер:	Көрсеткіштер:					
1) халықтың дінтану сауатының деңгейін арттыру;	1) азаматтардың дінтану сауаттылығын арттыру жөніндегі ақпараттық-насихаттық жұмыстар					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	Іс-шара	10629	15108	18087	39137	39162
2) діни ахуалдарға зерттеулер мен талдау жүргізу.	2) әлеуметтік зерттеулер, діни ахуал мониторингтерінің саны					
	Өлшем бірлігі	2007	2008	2009	2010	2011
	Іс-шара	30	41	22	30	39

Сектораралық өзара іс-қимыл

Міндеттердің атауы	Мүдделі органдармен бірлескен іс-шаралар
Нормашығармашылық процесі бойынша	
Заңгерлік және салалық пысықталу тұрғысында нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу	нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеуге мемлекеттік органдардың заң қызметтерін, салалық Ғылыми-зерттеу институттарын, Парламент депутаттарын тарту, сондай-ақ Парламент Палаталарының аппараттарымен ынтымақтастық
Мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша	
Мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттары мен регламенттерін енгізу жолымен мемлекеттік қызметтер көрсетуде әкімшілік кедергілерді жою	ХҚҚО арқылы қызмет көрсететін барлық мемлекеттік органдармен бірлесіп мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін оңтайландыру жолымен әкімшілік кедергілерді жою
Діни істер комитеті бойынша	
Халықтың дінтану сауатының деңгейін арттыру	Әділетмині, БҒМ, МАМ, Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы және Ұлттық-мәдени орталықтар өкілдерінен ақпараттық-насихаттау топтарын қалыптастыру
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті бойынша	
ҚАЖ түзеу мекемелерінің аумағындағы сотталғандардың, қызметкерлердің және өзге де адамдардың қауіпсіздігін, оның ішінде денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету	<p>1. ҚР ИМ ішкі әскерімен түзеу мекемелері жеке құрамының және жедел жағдайдың қиындай түсуі кезінде олардың күзетіне жұмсалатын ішкі әскер әскери қызметшілерінің іс-әрекетін жасау бойынша бірлескен жаттығулар өткізу.</p> <p>2. ҚАЖ мекемелері жедел қызметтерінің ҚР ИМ және ҚР ҰҚК жедел қызметтерімен діни экстремизм және криминалды терроризм көріністері, экстремистік және террористік қылмыстарды жасаумен байланысты, сондай-ақ экстремистік және террористік қызметтерді қаржыландыруды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар туралы жедел ақпаратпен өзара алмасуды ұйымдастыру.</p> <p>3. ҚАЖ медициналық қызметкерлерінің ДСМ-нің жетілдіру институттарында тәжірибелерін арттыру курстарына қатысулары.</p>

	<p>4. ДСМ-мен бірлесіп ҚАЖ-дың соматикалық және психиатриялық ауруханаларында емдеу алдын алу көмектерін ұйымдастырудың жыл сайынғы мониторингін өткізу.</p> <p>5. ДСМ-мен бірлесіп ҚАЖ мекемелерінде туберкулезге қарсы іс-шаралардың жыл сайынғы мониторингін өткізу.</p>
Бас бостандығынан айыру орындарында ұсталынатын адамдардың жалпы және кәсіптік білім алуларын қамтамасыз ету	Жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып түзеу мекемелерінде жалпы және кәсіптік білім беру мектептерін ашуды ұйымдастыру.
Зияткерлік меншік құқығы комитеті бойынша	
Контрафактілік өнімдермен күрес және оның алдын алу	БП, ЭСЖКА, ИМ өкілдерімен бірлескен шараларды жүргізу
Құқықтық насихат мәселелері бойынша	
Республика азаматтарының құқықтық сауаттылығын арттыру үшін халықтың ақпараттық-насихаттық жұмыстармен (іс-шаралармен) қамтылуын ұлғайту, соның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзбестік көзқарасты қалыптастыру	<p>1. ИМ, ЖС, БП, ЭҚСКА, МАМ-мен бірлесіп аса өзекті құқықтық мәселелер бойынша, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша БАҚ-та сөз сөйлеулер</p> <p>2. БФМ-мен бірлесіп мектепке дейінгі мекемелерде құқықтық ағартуды енгізу, сондай-ақ осы жұмысты республиканың орта білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарында жалғастыру</p>

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттары	Мемлекеттік органның қызметі іске асыруға бағытталған мемлекеттің стратегиялық мақсаттары	Стратегиялық құжаттың, нормативтік құқықтық актінің атауы
1 стратегиялық бағыт. Заңнамаға сәйкес әділет органдары ұсынатын мемлекеттік және заңгерлік қызмет көрсетулер сапасын, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру		
1 мақсат: Мемлекеттік және заңгерлік қызметтер көрсету үдерістерін оңтайландыру, олардың ашықтығы мен қол жетімділігін қамтамасыз ету	Халыққа ұсынылатын мемлекеттік қызмет көрсетулер сапасы мен қол жетімділігін қамтамасыз ету. "Жалғыз терезе" қағидаттарына негізделген халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету жүйесін одан әрі дамыту	"Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығы Мемлекет басшысының 2008 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" Қазақстан халқына Жолдауы
2 мақсат: Азаматтардың білікті заң көмегін алуға құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету	ҚР Конституциясының 13-бабы: "Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі."	Қазақстан Республикасының Конституциясы "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы
3 мақсат: Қазақстанды құқықтық насихаттау жөніндегі іс-шаралар санын көбейту		

жолымен ел азаматтарының құқықтық мәдениетін арттыру		"Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы
2 стратегиялық бағыт. Заңнаманы жетілдіру, сапалы нормашығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастықты құқықтық қамтамасыз ету		
Мақсат: Нормашығармашылық қызметінің сапасын арттыру	Нормашығармашылық қызметінің тиімділігін арттыру	"Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 949 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы
3 стратегиялық бағыт. Қылмыстық-атқару жүйесін халықаралық стандарттарға жақындату		
Мақсат: Қылмыстық атқару жүйесі қызметінің тиімділігін арттыру және оны халықаралық стандарттарға жақындату	Қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамыту	"Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығы
4 стратегиялық бағыт. Сот-сараптама жүйесін халықаралық стандарттарға жақындату		
Мақсат: Сот-сараптама қызметінің тиімділігін арттыру, сот сараптамасын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру	Сот сараптамасы органдарын одан әрі дамыту	"Сот сараптамасы туралы" 1997 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы "Қазақстан Республикасының сот сараптамасы жүйесін дамыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 ақпандағы N 119 қаулысы
5 стратегиялық бағыт. Зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметті Дүниежүзілік Сауда Ұйымының стандарттарына сәйкестендіру		
Мақсат: Қазақстанда зияткерлік меншікті дамыту үшін қолайлы жағдай қалыптастыру	1. Бірінші басымдық: Қазақстанның әлемдік экономикаға ойдағыдай кірігуі - елдің экономикалық дамуының сапалық серпілісінің негізі	Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында" атты Қазақстан халқына Жолдауы

6 стратегиялық бағыт. Діни сенім бостандығын қамтамасыз ету және мемлекеттік органдардың діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын жетілдіру

Мақсат: Қазақстан Республикасы азаматтарының діни сенім бостандығына құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету үшін конфессияаралық татулықты сақтауға және жағдайларды дамытуға жәрдемдесу	"Өркениет сұхбатын" дамытуда мәдениаралық және конфессияаралық келісім орталығы ретінде Қазақстанның ұстанымын бекіту	Мемлекет басшысының 2007 жылғы 28 ақпандағы "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" атты Қазақстан халқына Жолдауы
--	---	---

4 бөлім. Министрліктің функционалдық мүмкіндіктері және ықтимал қауіп-қатерлер

Министрліктің қызметін жетілдіру мақсатында:

1) министрліктің барлық бөлімшелері мен оның ведомстволары біріктірілетін құрылымдық бөлімшелер мен ведомстволардың, облыстық бірыңғай әділет департаменттерінің арасында функциялар мен жауапкершіліктер айқын бөлінген министрліктің жаңа ұйымдық құрылымы;

2) бірыңғай белгіленген ережелерге сәйкес министрлікте құрылымдық бөлімшелердің, ведомстволар мен аумақтық әділет органдарының қызметін рейтингілік бағалау жүйесі енгізіледі;

3) министрлік қызметінің барлық салаларында қызметкерлердің кәсіби деңгейі арттырылады (даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру), әр қызметкердің қызмет ету тиімділігін одан әрі жетілдіруге ықпал ететін қолайлы еңбек жағдайы жасалады;

4) одан әрі жетілдіру және олардың сапасын жақсарту үшін әділет органдары қызметінің бағыттарын талдау бойынша жұмыстар жүргізіледі;

5) құқықтық қамтамасыз ету саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Сыртқы факторлардың есебінен Әділет министрлігінің мақсаттарына қол жеткізуге әсер етуі мүмкін қатерлер:

1) мемлекеттік органдардың Әділет министрлігі жүйесінің жаңа жағдайда тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті шешімдер мен тиісті нормативтік құқықтық актілерді уақытында қабылдамауы;

2) министрліктің білікті мамандарының жағдайы аса тартымды ұйымдарға кетуі (жоғары жалақы, қолайлы еңбек жағдайы, нормаланған жұмыс кестесі және т.б.);

3) министрлік қызметінің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруге ықпал ететін министрліктің, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының сыбайлас жемқорлықтығы;

4) компьютерлік жүйенің істен шығуы, деректер қорының жоғалуы.

5 бөлім. Нормативтік құқықтық актілер

1. "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы.
2. "Адвокатура туралы" 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы.
3. "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы.
4. "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы.
5. "Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 949 Жарлығы.
6. "Қазақстан Республикасының патенттік жүйесін дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1243 қаулысы.
7. "Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 тамыздағы N 673 қаулысы.
8. "Қазақстан Республикасында діни сенім бостандығын қамтамасыз ету мен мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды жетілдіру жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 желтоқсандағы N 1185 қаулысы.
9. "Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу жөніндегі тұжырымдама туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 1297 қаулысы.

6 бөлім. Бюджеттік бағдарламалар

Ескерту. 6-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.05.06 N 643, өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.10 N 2060 Қаулыларымен.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Бюджеттік бағдарлама	Мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз ету
Сипаттама	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің орталық аппаратын, комитеттерді және аумақтық органдарды ұстау, мемлекет мүдделерін қорғау, соның ішінде халықаралық қаржы институттарының қызметтеріне ақы төлеу, АХАЖ лицензиялары бланкілерін дайындау, заңды тұлғаларды тіркеу туралы куәлік, мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру, ақпараттық жүйелерді қамтамасыз ету және пайдалану, есептеу техникасының жүйелі-техникалық қызмет көрсетуі, байланыс қызметінің төлемі, корпоративті телекоммуникациялық желі, ағымдағы ғимараттарды, үй-жайларды, негізгі құралдарды, ғимараттарды жөндеу, ғимараттарды, үй-жайларды жалдау және өзге де қызмет көрсетулер мен жұмыстар.

Көрсеткіштері		Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең		
Көрсеткіштер атауы			2007 жыл есеп)	(2008 жыл (жоспар)	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл
С а н көрсеткіштері	Мемлекеттік мекемелердің саны (Комитеттерді қоса алғанда)	бірлігі	21	20	20	20	20
С а п а көрсеткіштері							
Тиімділік көрсеткіштері							
Нәтиже көрсеткіші	Әділет министрлігі мен оның комитеттерінің қызметін қамтамасыз ету	%	100	100	100	100	100
Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар		мың теңге	5199678	4875148	6280325	6962159	8158562

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі;
Бюджеттік бағдарлама	Сот сараптамаларын жүргізу
Сипаттама	Сот сараптамаларын жүргізу: өндірістік (сараптама), ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік, қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік процестерге қатысушы болып табылатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында
Стратегиялық бағыты	Сот-сараптама жүйесін халықаралық стандарттарға жақындату
Мақсаты	Сот сараптама қызметінің тиімділігін арттыру, сот сараптамасын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру
Міндеті	Түрлі санаттағы істерді қарау және зерттеу кезінде сот сараптамасы өндірісіндегі құқық қорғау органдары мен соттардың талабын барынша қамтамасыз ету (қылмыстық, азаматтық, әкімшілік); сараптама зерттеулерінің жаңа түрлерін енгізу, сот сараптамасын халықаралық стандарттарға келтіру үшін халықаралық аккредиттеумен ынтымақтастық

Көрсеткіштері		Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең		
Көрсеткіштер атауы			2007 жыл есеп)	(2008 жыл (жоспар)	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл
Қызметтер санының көрсеткіштері	Әдістемелерді халықаралық стандарттарға келтіру. Оқып-үйрететін семинарлар, конференциялар өткізу	бір	2	12	13	13	8
	Өткізілген сот сараптамаларының санын арттыру	бір	63807	64000	65000	67500	70000

Сапа көрсеткіштері	Өндіріс зерттеулерінің іс-жүргізу мерзімдерінің бұзылу санын азайту	%	10	10	15	10	5
Тиімділік көрсеткіштері							
Нәтиже көрсеткіштері	Сараптама зерттеулерінің жаңа түрлерін енгізу	бір		1	1	3	2
